

"АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ"
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ**

201 2 ж. 10 12 жүргізілді
КҮӨЛІК № 38489-1901-10
БСН 101240007453

«ЖАҢА РЕДАКЦИЯДА БЕКІТІЛДІ»

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің
Төрағасы 2014 жылғы «14» ақпанда
№ КГИП-5-6742-КГИП-509 келіскен
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі -
«ҚазМедТех» АҚ жалғыз акционерінің
2014 жылғы «19» наурыздағы № 148 бұйрығымен

"АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ"
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕРМЕН
ЖӘНЕ
ТОЛЫҚТЫРУЛАР**

201 4 ж. 09 04 жүргізілді
БСН 101240007453
АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 10.12 жыл 2010
КҮӨЛІК 38489-1901-АҚ



**«ЕСІЛ АУДАНЫНЫҢ
ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ»**

201 8 ж. 02 05
**ТІРКЕЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕРМЕН
ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАРМЕН
ЖАРАМДЫ**
КҮӨЛІК 1036-1901-02-АҚ
БСН 101240007453

**«ЕСІЛ АУДАНЫНЫҢ
ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ»**

201 8 ж. 02 02
**ТІРКЕЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕРМЕН
ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАРМЕН
ЖАРАМДЫ**
КҮӨЛІК 1036-1901-02-АҚ
БСН 101240007453

**«ЕСІЛ АУДАНЫНЫҢ
ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ»**

201 8 ж. 02 11
**ТІРКЕЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕРМЕН
ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАРМЕН
ЖАРАМДЫ**
КҮӨЛІК 1036-1901-02-АҚ
БСН 101240007453

**«ҚазМедТех»
акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ**

1. Жалпы ережелер

1. «ҚазМедТех» акционерлік қоғамының осы жарғысы (бұдан әрі – Жарғы) «ҚазМедТех» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) заңды тұлға ретінде құқықтық мәртебесін, оның орналасқан жерін, оның органдарын қалыптастыру тәртібі мен олардың құзыретін, оны қайта ұйымдастыру және қызметін тоқтату талаптарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де ережелерді айқындайды.

2. Қоғам «ҚазМедТех» акционерлік қоғамын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 1238 қаулысына сәйкес құрылды.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің тұлғасында Қоғамның құрылтайшысы болып табылады.

Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығы «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі» мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі – Жалғыз акционер) берілген.

4. Қоғамның толық атауы:

- 1) мемлекеттік тілде: «ҚазМедТех» акционерлік қоғамы;
- 2) орыс тілінде: Акционерное общество «КазМедТех»;
- 3) ағылшын тілінде: Jointstock company «KazMedTech».

5. Қоғамның қысқартылған атауы:

- 1) мемлекеттік тілде: «ҚазМедТех» АҚ;
- 2) орыс тілінде: АО «КазМедТех»;
- 3) ағылшын тілінде: JSC «KazMedTech»

6. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Алматы ауданы, Иманов көшесі, 11-үй.

7. Қоғамның дәрежесі ірі кәсіпкерлік субъектісі ретінде айқындалды.

8. Қоғамның осы Жарғысы (бұдан әрі – Жарғы) Қоғамның құрылтай құжаты болып табылады. Барлық мүдделі тұлғалар осы Жарғымен танысуға құқылы.

2. Қоғамның заңды дәрежесі

9. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес балансы, банктік шоттары бар, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып ала алады және жүзеге асыра алады, жауапты бола алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

10. Қоғамға 101240007453 бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) тағайындалды.

11. Қоғамның Қоғам атауы көрсетілген мөрі, бланктері және өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге де деректемелері бар.

12. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Азаматтық кодексін, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы кодексін, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңын (бұдан әрі – Заң), «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы заңын, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, осы Жарғыны және Қоғамның Корпоративтік басқару кодексін басшылыққа алады.

13. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.

14. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіпте оның орналасқан жерінен тыс жерлерде орналасқан, заңды тұлғалар болып табылмайтын және олар туралы Ереже негізінде Қоғамның атынан және оның тапсырмасы бойынша іс-қимыл жасайтын филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

3. Қоғамның жауапкершілігі

15. Қоғам өзінің міндеттемелері бойынша өз мүлкінің шегінде жауапты болады.

16. Қоғам Жалғыз акционердің міндеттемелері бойынша жауапты болмайды. Жалғыз акционер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауапты болмайды және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде Қоғамның қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

17. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты мемлекет те оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

4. Қоғам қызметінің негізгі түрлері

18. Одан әрі лизинг шарттарында денсаулық сақтау ұйымдарына беру үшін медициналық техниканы сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу Қоғам қызметінің негізгі мәні болып табылады.

19. Қоғам мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) лизинг қызметі;

2) лизинг шарттарында денсаулық сақтау ұйымдарына берілген медициналық техникаға сервистік қызмет көрсету;

3) медициналық техниканың клиникалық-техникалық негіздемесіне, техникалық өзіндік ерекшелігіне (техникалық сипаттамасына) және құнына сараптама жүргізу;

4) жобаланған және салынып жатқан денсаулық сақтау объектілеріне арналған медициналық техниканың құнына сараптама жүргізу.

Қоғам мемлекеттік лицензиялауға жататын қызметті тиісті лицензия болған кезде жүзеге асырады.

5. Қоғам мүлкі мен капиталы

20. Қоғам мүлкі:

1) Жалғыз акционер акциялар төлемі ретінде берілген мүлік;

2) өз қызметінің нәтижесінде алынған кіріс;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасы тыйым салмайтын негіздемелер бойынша алынатын өзге де мүлік есебінен қалыптасады.

21. Қоғамның жарғылық капиталын арттыру Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

6. Қоғамның бағалы қағаздары

22. Қоғам жай акциялар және өзге де бағалы қағаздар шығарады. Қоғамның бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналысқа салу және өтеу талаптары мен тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасымен айқындалады.

23. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады. Акция бөлінбейді.

24. Жай акция Жалғыз акционерге Заңға сәйкес оның қарауына шығарылатын барлық мәселелер бойынша шешім қабылдау, Қоғамда таза кіріс болған кезде дивидендтер алу және Қоғам таратылған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген тәртіпте оның мүлкін алу құқығын береді.

25. Қоғамның Директорлар кеңесі орналастыру (сату), оның ішінде жарияланған акциялар мөлшері шегінде орналастырылатын (сатылатын) Қоғам акцияларының мөлшері, оларды орналастыру (сату) тәсілі және бағасы туралы шешім қабылдайды.

26. Қоғам өз акцияларының шығарылымы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін акциялардың жарияланған мөлшері шегінде оларды бір немесе бірнеше орналастыру арқылы орналастыруға құқылы.

27. Қоғамның орналастыратын акцияларын төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген тәртіпте жүзеге асырылады.

28. Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеуші онымен жасалған шарт негізінде Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асырады. Қоғам сатып алған меншікті акциялар туралы мәліметтер бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімдерінің жүйесіне міндетті түрде енгізілуге жатады.

Акциялар ұстаушылар тізілімдері жүйесінен үзінді-көшірмелер Жалғыз акционердің жазылған және толық төленген акцияларға құқықтарын растайтын құжаттар ретінде танылады.

29. Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттелмеген акциялар мен облигацияларды шығару, олардың қозғалысы және есепке алу жөніндегі өзге де мәселелерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды шығару туралы шешім қабылдаған кезде айқындайды.

7. Қаржыландыру және Қоғамның кірісі

30. Қоғамның таза кірісі (салықтар төленгеннен және бюджетке міндетті өзге төлемдер жасалғаннан кейін) Қоғамның иелігінде қалады және Жалғыз акционердің шешімімен, оның ішінде дивиденд төлеу бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте бөлінеді. Қалған бөлігі Қоғамның дамуына немесе Жалғыз акционердің шешімінде көзделген өзге де мақсаттарға бағытталады.

31. Жалғыз акционер жыл нәтижесі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте және мөлшерде дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдайды.

Негізгі қызметке байланысты залалдарды өтеу үшін Қоғам таза кіріс есебінен Жалғыз акционер айқындаған мөлшерде және тәртіпте резервтік капитал қалыптастыруға құқылы. Қоғамның Директорлар кеңесі резервтік капиталды пайдалану тәртібін белгілейді.

Қоғам орналастырмаған немесе сатып алмаған акциялар бойынша, сондай-ақ сот немесе Жалғыз акционер оны тарату туралы шешім қабылдаған болса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

32. Қоғамның жай акциялары бойынша:

1) меншікті капиталының мөлшері теріс болған кезде немесе Қоғамның меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер ол Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келсе не аталған белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса, дивидендтер есептеуге рұқсат етілмейді.

8. Қоғамның органдары

33. Мыналар Қоғамның органдары болып табылады:

- 1) жоғарғы орган – Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган (алқалы) – Басқарма;
- 4) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жүргізетін орган -Ішкі аудит қызметі.

9. Жалғыз акционер

34. Қоғамда барлық дауыс беретін акциялар Жалғыз акционерге тиесілі. Жалғыз акционер Заңда акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді жеке-дара қабылдайды және олар жазбаша түрде ресімделуге жатады.

35. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) Корпоративтік басқару кодексіні бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
 - 2) Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
 - 3) Директорлар кеңесінің қызметі туралы ережені бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
 - 4) Қоғамды ерікті қайта ұйымдастыру немесе тарату;
 - 5) Қоғамның жарияланған акцияларының санын арттыру немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
 - 6) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;
 - 7) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздар шығару туралы шешім қабылдау;
 - 8) орналастырылған акциялардың бір түрін өзге түрдегі акцияларға ауыстыру туралы шешім қабылдау, осындай ауыстырудың шарттары мен тәртібін айқындау;
 - 9) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау, және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау;
 - 10) Қоғам Басқармасының Төрағасын тағайындау және оның өкілеттік мерзімін айқындау, және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 11) Қоғамға аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды айқындау;
 - 12) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
 - 13) Қоғамның есептік қаржылық жылдағы таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққанда дивиденд мөлшерін бекіту;
 - 14) Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдау;
 - 15) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
 - 16) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын сомада активтердің бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне қатысуы не өзге де заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығу туралы шешім қабылдау;
 - 17) Қоғам акцияларды Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесіне енгізілген өзгерістерді бекіту;
 - 18) Жалғыз акционерге Қоғамның қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау;
 - 19) олар бойынша шешім қабылдау Заңда және (немесе) Қоғамның осы Жарғысында Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.
36. Жалғыз акционер олар бойынша шешім мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның келісімі бойынша қабылданатын:
- 1) Қоғам Жарғысына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
 - 2) жарғылық капитал мөлшерін өзгерту;
 - 3) жылдық қаржылық есептілікті бекіту және Қоғамның есептік қаржылық жылдағы таза кірісін бөлу;

4) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

5) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау, және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйлықақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау;

6) Директорлар кеңесі Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша қабылдаған шешімдерді жою мәселелерін қоспағанда, Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған барлық мәселелер бойынша шешімді өз бетімен қабылдайды.

37. Қоғамның Жалғыз акционері Қоғамның өзге органдарының Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның осы Жарғысына қайшы келетін кез-келген шешімін жоюға құқылы.

10. Қоғамның Жалғыз акционерінің құқықтары мен міндеттері

38. Қоғамның Жалғыз акционері:

1) Заңда және осы Жарғыда көзделген тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;
2) дивидендтер алуға;
3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасы, Жалғыз акционер немесе осы Жарғы айқындаған тәртіпте Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;

4) Қоғамның тіркеушісінен немесе номиналдық ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді-көшірмелер алуға;

5) Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға;

6) Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібінде шағымдануға;

7) Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жинақтап алғанда иеленген кезде, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларда, өз атынан сот органдарына Қоғамның лауазымды адамдарының Қоғамға келтірілген залалдарды Қоғамға өтеуі және Қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (кірісті) Қоғамға қайтаруы туралы талаппен жүгінуге;

8) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұраулармен жүгінуге және Қоғамға сұрау келіп түскен күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде дәлелді жауап алуға;

9) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;

10) заңнамалық актілерде көзделген жағдайларды қоспағанда, Заңда белгіленген тәртіпте өз акцияларына айырбасталатын Қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға;

11) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

12) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғамға аудит жүргізуін талап етуге құқылы.

39. Қоғамның Жалғыз акционері:

1) акцияларды төлеуге;

2) он күн ішінде Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы Қоғамның тіркеушісін және акциялардың номиналдық ұстаушысын хабардар етуге;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияларды жария етпеуге;

4) Қоғам алған таза кірісті бөлу туралы шешім уақтылы қабылдануын және Жалғыз акционер шешім қабылдаған күннен бастап он күн ішінде Қоғамның мемлекет иелік ететін Қоғам акцияларына дивидендтер аударуын қамтамасыз етуге;

5) Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

11. Қоғамның Директорлар кеңесі

40. Заңмен және осы Жарғымен Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның қызметіне жалпы басшылық етуді жүзеге асырады.

41. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттары мен Қоғамның даму стратегиясын айқындау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда Қоғамның даму жоспарын бекіту;

2) акцияларды орналастыру (сату) туралы, оның ішінде жарияланған акциялардың саны шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны және оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

3) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе өзге де бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

5) даму жоспарын, сондай-ақ Қоғамның бекітілген даму жоспарына енгізілген түзетулерді бекіту;

6) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;

7) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешім қабылдау;

8) Басқарма мүшелерінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, Қоғам Басқармасының мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) Қоғам Басқармасының Төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін және оларға еңбекақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын айқындау;

10) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметі жұмысының тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру мөлшері мен шарттарын айқындау;

11) Корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы беру шарттарын айқындау;

12) аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушы қызметкерінің мөлшерін айқындау;

13) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжаттарды бекіту;

14) Қоғамның ұйымдық құрылымын және штаттық санын бекіту;

15) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

16) Қоғамның өзге заңды тұлғалар акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алуы (иеліктен айыруы) туралы шешім қабылдау;

17) акцияларының он және одан да көп пайызы (жарғылық капиталына қатысу үлестері) Қоғамға тиесілі заңды тұлғаның акционерлері (қатысушылары) жалпы жиналысының өкілеттігіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешім қабылдау;

18) Қоғам міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

19) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты айқындау;

20) ірі мәміле және Қоғамның мүдделілігі болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;

21) Қоғамның Есеп саясатын бекіту;

22) Заңда және Қоғам Жарғысында көзделген, Жалғыз акционердің ерекше құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

42. Директорлар кеңесі:

1) лауазымды адамдар мен Жалғыз акционер деңгейінде мүдделердің ықтимал қақтығысын, оның ішінде Қоғам меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасқан кезде асыра пайдалануды қадағалауға және оларды мүмкіндігінше жоюға;

2) Қоғамда корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға;

3) хабардарлық, ашықтық негізінде, Қоғамның және оның Жалғыз акционерінің мүдделері үшін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Қоғамның Жарғысы мен ішкі құжаттарына сәйкес әрекет етуге;

2) Жалғыз акционерге әділ қарауға, корпоративтік мәселелер бойынша объективті түрде тәуелсіз ой-пікір білдіруге тиіс.

43. Қоғамның Директорлар кеңесін сайлау Жалғыз акционердің шешімімен жүзеге асырылады.

44. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамы Жалғыз акционердің өкілдері, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның өкілі, Басқарма Төрағасы, тәуелсіз директорлар және өзге де тұлғалар қатарынан қалыптастырылады.

45. Қоғамның Директорлар кеңесі кемінде бес адамнан құрылады. Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

46. Директорлар кеңесіне үміткерлердің тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі және іскерлік және/немесе салалалық ортада өз міндеттерін орындау және Жалғыз акционер мен Қоғам мүддесі үшін Директорлар кеңесінің жұмысын тиімді ұйымдастыру үшін қажетті он жетістіктері болуға тиіс.

47. Мынадай:

1) жоғары немесе орта арнаулы білімі жоқ;

2) өтелмеген немесе заңмен белгіленген тәртіпте алынбаған соттылығы бар;

3) осы тұлға басшылық еткен уақытта банкрот деп танылған немесе консервациялауға, санациялауға, мәжбүрлеп таратуға ұшыраған заңды тұлғаның басшы қызметкері болып табылған адам банкрот деп тану, консервациялау, санациялау, мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл ішінде Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды.

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында Қоғам Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын өзге де талаптар.

48. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған адамдардың, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, қайта сайлануына шек қойылмауы мүмкін.

49. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін Жалғыз акционер белгілейді және ол Жалғыз акционердің жаңа Директорлар кеңесін сайлау жөніндегі шешімі қабылданған сәтте аяқталады. Жалғыз акционер Директорлар кеңесі барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімімен бұрын тоқтатуға құқылы.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесіне берілген жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған және Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлаған жағдайда соңғының өкілеттігі тұтас алғанда Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің өтуімен бір мезгілде аяқталады.

50. Мемлекеттік қызметші болып табылатын Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылатын Қоғам Басқармасының Төрағасына сыйақы төленбейді.

51. Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы оның мүшелері арасынан жасырын дауыс беру арқылы Директорлар кеңесі мүшелері жалпы санының көпшілік даусымен сайланады.

52. Қоғам Басқармасының Төрағасы Қоғам Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.

53. Директорлар кеңесінің Төрағасы:

1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
2) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді;

3) отырыстарды жүргізеді және хаттамаға қол қояды;

4) Қоғам атынан Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес лауазымдық жалақы мөлшерін тағайындай отырып, Қоғам Басқармасының Төрағасымен еңбек шартын жасасады.

Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады, бұл ретте Қоғам Басқармасының Төрағасы Директорлар кеңесі Төрағасының функциясын атқара алмайды.

54. Ең маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсыныстар дайындау үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады.

Директорлар кеңесінің комитеттері мынадай:

1) стратегиялық жоспарлау;

2) кадрлар және сыйлықақылар;

3) ішкі аудит;

4) әлеуметтік мәселелер;

5) Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелерді қарайды.

Осы тармақта аталған мәселелерді қарау Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитетінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіптік білімі бар сарапшылардан тұрады.

Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Тәуелсіз директорлар осы тармақтың 1) - 4) тармақшаларында көзделген мәселелерді қарау функциясына жататын Директорлар кеңесі комитеттерінің басшылары (төрағалары) болып табылады.

Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

Директорлар кеңесінің комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс тәртібі, олардың саны, сондай-ақ сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

55. Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Қоғам Басқармасы Төрағасының бастамасы бойынша, не:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Қоғамның ішкі аудит қызметінің;
- 3) Қоғамға аудит жүргізетін аудиторлық ұйымның;
- 4) Жалғыз акционердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

55. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің Төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады.

Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен Қоғам Басқармасының Төрағасына жүтінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Қоғам Басқармасының Төрағасы Директорлар кеңесінің отырысын, шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған адамды міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

57. Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің отырысын өткізу, отырыстың өткізілгені және шешімдер қабылданғаны туралы хабарлама жіберу тәртібі Директорлар кеңесі туралы ережеде айқындалады.

58. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік жеті күн бұрын беріледі.

59. Ірі мәміле және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәміле жасасу жөнінде шешім қабылдау мәселесі қаралған жағдайда, мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мәміленің орындалу мерзімдері мен шарттары, тартылған тұлғалардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтер, сондай-ақ бағалаушының есебі (Заңның 69-бабының 1-тармағында көзделген жағдайда) қамтылуға тиіс.

60. Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы Қоғам Басқармасына алдын ала хабарлауға міндетті.

61. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынан кем болмауға тиіс.

62. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір даусы болады. Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесінің отырысқа қатысқан мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

Дауыстар саны тең болған кезде Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші адамның даусы шешуші болады.

63. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

64. Қоғамда Директорлар кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің көзбе-көз, сырттай және аралас дауыс беруі арқылы шешімдер қабылдануы және осындай шешімдерді қабылдау тәртібі көзделуі мүмкін.

Белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған ретте шешім сырттай/аралас дауыс беру арқылы қабылданды деп танылады.

Директорлар кеңесінің сырттай/аралас отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуге және оған корпоративтік хатшы мен Директорлар кеңесі төрағасының қолы қойылуға тиіс.

Директорлар кеңесінің мынадай:

- 1) Қоғамның даму жоспарын бекіту;

- 2) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- 3) ішкі аудит қызметінің басшысы мен мүшелерін тағайындау;
- 4) Қоғамның корпоративтік хатшысын тағайындау;
- 5) ірі мәміле және Қоғамның мүдделілігі болуына орай мәміле жасасу туралы шешім қабылдау мәселелері бойынша сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауына рұқсат етілмейді.

Сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешім ресімделген күннен бастап жиырма күн ішінде Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуге тиіс, оған осы шешімді қабылдауға негіз болған бюллетеньдердің көшірмелері қоса тіркеледі.

65. Директорлар кеңесінің көзбе-көз тәртібінде өткен отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол отырыс өткен күннен бастап үш күн ішінде жасалып, оған отырыста төрағалық еткен адам мен Директорлар кеңесінің хатшысы қол қоюға және онда:

- 1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыс өткізілген күн, уақыт және орын;
- 3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауысқа қойылған мәселелер және Директорлар кеңесінің әр мүшесінің Директорлар кеңесі отырысы күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетілген осы мәселелер бойынша дауыс берудің қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер болуға тиіс.

66. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдері Қоғамда сақталады.

Директорлар кеңесінің Корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған хаттама мен шешімнің Корпоративтік хатшының қолымен және Қоғам мөрінің бедерімен куәландырылған үзінді көшірмесін беруге міндетті.

67. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің Заңда және Қоғамның жарғысында белгіленген тәртіпті бұза отырып қабылдаған шешіміне қарсы дауыс берген Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі оған сот тәртібінде дау айтуға құқылы.

68. Жалғыз акционер Қоғам Директорлар кеңесінің Заңның және осы Жарғының талаптарын бұза отырып қабылданған шешіміне, егер аталған шешім Қоғамның және (немесе) Жалғыз акционердің құқығы мен заңды мүдделерін бұзса, сотта дау айтуға құқылы.

69. Қоғамның Директорлар кеңесінің Қоғам Жарғысымен Қоғам Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ. Осы Жарғының 41-тармағында тізбесі белгіленген мәселелерді шешу үшін Қоғам Басқармасының Төрағасына беруге болмайды.

12. Қоғамның атқарушы органы

70. Алқалы атқарушы орган - Басқарма Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық етуді жүзеге асырады. Басқармаға Басқарма Төрағасы басшылық етеді.

Қоғам Басқармасы Басқарма Төрағасынан, оның орынбасарларынан және өзге де тұлғаларадан құралады.

Басқарма кемінде 3 (үш) адамнан құралады.

Басқарманың отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде жылына бір рет шақырылады.

Қоғам Басқармасының шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған Басқарманың отырысқа қатысқан барлық мүшелері қол қоюға және онда дауысқа қойылған мәселелер, Басқарманың әр мүшесінің әрбір мәселе бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетілуге, осы мәселелер бойынша дауыс беру қорытындылары қамтылуға тиіс.

Қоғам Басқармасы мүшесінің дауыс беру құқығын өзге адамға, оның ішінде Қоғам Басқармасының басқа мүшесіне беруіне жол берілмейді.

71. Қоғам Басқармасы Қоғам қызметінің Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде және Қоғамның осы Жарғысында Қоғамның басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған кез келген мәселесі бойынша шешім қабылдауға құқылы.

72. Жалғыз акционер өз шешімімен Қоғам Басқармасының Төрағасын, оның өкілеттігі мерзімін және өкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуын айқындайды.

73. Қоғам Басқармасының Төрағасы:

1) Қоғамның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) сенімхатсыз Қоғам атынан үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда іс-қимыл жасайды;

3) Қоғамның үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарында оның мүдделерін білдіруге құқық беретін сенімхаттар береді;

4) Қоғамның Даму жоспары әзірленуін және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіпте және мерзімде оның орындалуы туралы есеп дайындалуын қамтамасыз етеді;

5) Қоғам қызметкерлерін жұмысқа қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады (Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда), оларға көтермелеу шараларын және тәртіптік жаза қолданады, штаттық кестеге сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары мен жалақыларына дербес үстеме мөлшерін белгілейді, Басқарма мүшелерін, ішкі аудит қызметін және Қоғамның корпоративтік хатшысын қоспағанда, қызметкерлер сыйақыларының мөлшерін айқындайды;

6) өзі болмаған жағдайда өзінің міндеттерін орынбасарларының біріне жүктейді;

7) Жарғыда және Жалғыз акционер мен Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерінде айқындаған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

74. Қоғам Басқармасы:

1) Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі алдында өзіне жүктелген міндеттердің орындалуы;

2) дивидендтердің уақтылы аударылуы;

3) қаржы-шаруашылық қызметінің қанағаттанғысыз нәтижесі;

4) Қоғам мүлкін пайдаланған кезде заңсыз іс-қимылы;

5) мемлекеттік мүлік тізіліміне уақтылы және сапалы ақпарат ұсынылуы үшін;

6) жемқорлықпен күресуге бағытталған шараларды қабылдамағаны;

7) Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалардың арыздарын қарау тәртібі туралы заңнамасы белгілеген жеке және заңды тұлғалардың арыздарын қарау тәртібі мен мерзімдерін бұзғаны;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген өз қызметі туралы ақпаратты ашу тәртібі мен шарттарына қойылатын талаптарды орындамағаны, сондай-ақ Қоғам қызметі туралы толық емес және жалған ақпарат бергені үшін жауапты болады.

13. Қоғамның ішкі аудит қызметі

75. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесінің шешімі бойынша құрылады және Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы ережеге сәйкес Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне, операцияларына, атқарушы орган мен құрылымдық бөлімшелердің іс-қимылына бақылау жүргізетін орган болып табылады.

76. Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы ережені Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді.

77. Ішкі аудит қызметі тікелей Қоғамның Директорлар кеңесіне бағынады және өз жұмысы туралы оның алдында есеп береді.

78. Қоғамның Директорлар кеңесі ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін тағайындау тәртібін, оларға еңбекақы төлеу және сыйақы беру мөлшері мен шарттарын бекітеді.

79. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасының құрамына сайлана алмайды.

14. Корпоративтік хатшы

80. Қоғамның Директорлар кеңесінің және (немесе) Басқармасының мүшесі болып табылмайтын Қоғамның қызметкері, оны Директорлар кеңесі тағайындайды және ол Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді.

81. Корпоративтік хатшыға Қоғамның органдары мен лауазымды тұлғаларының Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған рәсімдерді сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ Қоғамның Қазақстан Республикасы корпоративтік басқару саласындағы заңнамасының ережелері мен нормаларын, Жарғының ережелерін және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарын сақтауын қамтамасыз ету жүктеледі.

Сонымен қатар Корпоративтік хатшы Қоғамның органдары арасында тиімді ақпарат алмасуға ықпал етеді және Директорлар кеңесі мен Басқарманың барлық мүшелеріне корпоративтік басқарудың барлық мәселелері бойынша кеңесші қызметін атқарады.

Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге дайындықты жүзеге асырады, Директорлар кеңесінің отырысына материалдар қалыптастырылуын қамтамасыз етеді.

Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшелерінің дәл және нақты ақпаратты уақтылы алуын қамтамасыз етеді.

82. Корпоративтік хатшының өкілеттігі мен қызметі Директорлар кеңесі белгіленген тәртіпте бекітетін Корпоративтік хатшы туралы ережеде және Қоғамның ішкі құжаттарында айқындалады.

83. Корпоративтік хатшының басқа ұйымдарда немесе басқа ұйымдардың органдарында жұмыс істеуіне және лауазымға ие болуына тек қана Директорлар кеңесінің келісімімен рұқсат етіледі.

15. Қоғамның есебі, есептілігі және аудиті

84. Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес белгіленеді.

85. Жыл сайын Қоғам Басқармасы Жалғыз акционерге талқылау және бекіту үшін аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес жасалған өткен жыл бойынша жылдық қаржылық есептілікті табыс етеді. Қоғам Басқармасы қаржылық есептіліктен басқа Жалғыз акционерге аудиторлық есепті табыс етеді.

Директорлар кеңесі жылдық қаржылық есептілікті Жалғыз акционердің қарауына ұсыну күніне дейін отыз күннен кешіктірмей алдын ала бекітуге тиіс.

Жалғыз акционер Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекітеді.

86. Қоғам шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті, ал еншілес ұйымы (ұйымдары) болмаған жағдайда шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті уәкілетті орган белгілеген тәртіпте және мерзімдерде бұқаралық ақпарат құралдарында жыл сайын жариялауға міндетті.

87. Қоғам жылдық қаржылық есептіліктің аудитін жүргізуге міндетті.

88. Қоғам аудиті Директорлар кеңесінің, Қоғам Басқармасының бастамасы бойынша Қоғам есебінен не Жалғыз акционердің талабы бойынша оның есебінен жүргізілуі мүмкін, бұл ретте Жалғыз акционер аудиторлық ұйымды дербес айқындауға құқылы. Аудит Жалғыз акционердің талабы бойынша жүргізілген жағдайда Қоғам аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті.

Егер Қоғам Басқармасы Қоғамға аудит жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

89. Қоғамның статистикалық есебі мен есептілігі Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

16. Қоғамның ақпарат ашуы

90. Қоғам Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийі, корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат, Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі және аудиторлық есептер уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіпте және мерзімдерде интернет-ресурста орналастырылуын қамтамасыз етеді.

91. Қоғам Жалғыз акционердің назарына Қоғамның мынадай корпоративтік оқиғалары:

1) Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;

2) Қоғамның акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды шығаруы және уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерді, Қоғамның бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерді бекітуі, уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарының күшін жоюы;

3) Қоғамның ірі мәмілелерді және Қоғамның мүдделілігі болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасуы;

4) Қоғам активтерінің бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Қоғамның мүлкін кепілге (қайта кепілге) беру;

5) Қоғамның меншікті капиталының жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын мөлшерде Қоғамның қарыз алуы;

6) Қоғамның қызметтің қандай да бір түрін жүзеге асыруға лицензиялар алуы, Қоғамның қызметтің қандай да бір түрін жүзеге асыруға бұрын алған лицензияларының қолданылуының тоқтатыла тұруы немесе тоқтатылуы;

7) Қоғамның заңды тұлға құруға қатысуы;

8) Қоғам мүлкіне тыйым салынуы;

9) нәтижесінде баланстық құны Қоғам активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын Қоғам мүлкі жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың туындауы;

10) Қоғамның және оның лауазымды адамдарының әкімшілік жауапқа тартылуы;

11) Қоғамды мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешімдер;

12) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалуы;

13) осы Жарғыға, сондай-ақ Қоғамның бағалы қағаздар шығару проспектісіне сәйкес Қоғамның Жалғыз акционерінің мүдделерін қозғайтын өзге де оқиғалар туралы ақпаратты жеткізуге міндетті.

92. Корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат беру Заңға және Қоғамның осы Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады. Жалғыз акционерге сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпарат соттың корпоративтік дау жөніндегі азаматтық іс бойынша тиісті хабарламасын (шақыруын) Қоғам алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде берілуге тиіс.

93. Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты иеленуші Қоғам қызметкерлерінің тізімі міндетті түрде жүргізілуін қамтамасыз етеді.

94. Жалғыз акционердің талап етуі бойынша Қоғам оған Занда көзделген құжаттардың көшірмесін Қоғамға осындай талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей беруге міндетті, бұл орайда қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты беруге шектеулер енгізуге рұқсат етіледі.

95. Қоғам өзінің аффилиирленген тұлғаларының есебін осы тұлғалар ұсынатын мәліметтер негізінде жүргізеді.

Қоғамның аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе өзге де заңмен қорғалатын құпия болып табылмайды. Қоғамның аффилиирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар аффилиирлену туындаған күннен бастап жеті күн ішінде Қоғамға өзінің аффилиирленген тұлғалары туралы мәлімет ұсынуға міндетті.

Қоғам бағалы қағаздар нарығын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органға ол белгілеген тәртіпте өзінің аффилиирленген тұлғаларының тізімін ұсынады.

Бұрын Қоғамның лауазымды адамы аффилиирленген тұлға ретінде көрсеткен тұлға ондай болудан қалса, Қоғамның лауазымды адамы ол туралы Қоғамды бес күн мерзімде хабардар етеді.

17. Қоғамның құжаттары

96. Қоғамның қызметіне қатысты құжаттарды Қоғам өзі қызмет еткен бүкіл мерзім ішінде Қоғам Басқармасы орналасқан жерде сақтауға тиіс.

Мына құжаттар:

- 1) Қоғамның осы Жарғысы, оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
- 2) Жалғыз құрылтайшының шешімі, Жалғыз құрылтайшының шешіміне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
- 3) Қоғамның белгілі бір қызмет түрлерімен айналысуға және (немесе) белгілі бір әрекеттер жасауға алған лицензиялары;
- 4) Қоғамның өз балансында тұратын (тұрған) мүлікке құқығын растайтын құжаттар;
- 5) Қоғамның бағалы қағаздарын шығару проспектілері;
- 6) Қоғамның бағалы қағаздарының шығарылымын мемлекеттік тіркеуді, бағалы қағаздарды жоюды, сондай-ақ уәкілетті органға табыс етілген Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру мен өтеу қорытындылары туралы есептерін бекітуді растайтын құжаттар;
- 7) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері туралы ереже;
- 8) Жалғыз акционердің шешімдері және олардың сәйкес материалдары;
- 9) Директорлар кеңесі отырыстарының (сырттай өткізілген отырыстар шешімдерінің) хаттамалары мен бюллетеньдері (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер), Директорлар кеңесінің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар;
- 10) Қоғам Басқармасы отырыстарының хаттамалары;
- 11) Қоғам Басқармасы Төрағасының бұйрықтары;
- 12) Корпоративтік басқару кодексі сақталуға тиіс.

Өзге құжаттар, оның ішінде Қоғамның қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзімде сақталады.

18. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату

97. Қайта ұйымдастыру, тарату және Қоғамның атауын өзгерту туралы шешімді Қоғамның Құрылтайшысы қабылдайды.

98. Қайта ұйымдастыру және тарату рәсімі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен реттеледі.

19. Қорытынды ережелер

99. Осы Жарғымен реттелмегеннің барлығында Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін басшылыққа алады.

100. Осы Жарғы оның заңнамада белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

А. Дурманов



«УТВЕРЖДЕН В НОВОЙ РЕДАКЦИИ»

приказом министра здравоохранения РК
– Единственным акционером АО «КазМедТех»
от «19» марта 2014 года № 148
согласованным с Председателем Комитета
государственного имущества
и приватизации Министерства финансов РК
от «21» февраля 2014 года № КГИП-5-6742-
КГИП-509



УСТАВ
акционерного общества
«КазМедТех»

г. Астана, 2014 год

1. Общие положения

1. Настоящий Устав акционерного общества «КазМедТех» (далее – Устав) определяет правовой статус акционерного общества «КазМедТех» (далее – Общества), как юридического лица, его местонахождение, порядок формирования и компетенцию его органов, условия реорганизации и прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.

2. Общество создано в соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 23 ноября 2010 года № 1238 «О создании акционерного общества «КазМедТех».

3. Учредителем Общества является Правительство Республики Казахстан в лице Комитета государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан.

Права владения и пользования государственным пакетом акций Общества переданы государственному учреждению «Министерство здравоохранения Республики Казахстан» (далее - Единственный акционер).

4. Полное наименование Общества:

1) на государственном языке: «КазМедТех» акционерлік қоғамы;

